

Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (MMWG) 4-ші отырысының хаттамасы

2019 жылғы 30 сәуір, Алматы

2019 жылғы 30 сәуірде Алматы қаласында Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (ҚҚБ), «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (ҚКК) және Dentons өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 4-ші отырысы болып өтті.

Отырыс ақша нарығының индекстерін талқылауға бағытталған іскерлік жағдайда өтті.

Күн тәртібіне сәйкес отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды:

I. Жұмыс тобының 3-ші отырысының қорытындысы бойынша нәтижелер мен уағдаластықтар

1. ЕҚДБ өкілдері жұмыс тобының үшінші отырысының негізгі қорытынды ережелерін, атап айтқанда, жұмыс тобының Қазақстанда тәуекелсіз мөлшерлеменің бенчмаркі ретінде TONIA-ны таңдауы жайында айтып берді.

2. ҚРҰБ өкілдері ҚҚБ-мен бірлесіп РЕПО және своптар үшін қосымша өтімділік терезесін ашу жоспарлары туралы хабарлады. Бұл мәмілелер, бір жағынан, банктер мен, екінші жағынан, Ұлттық Банк арасында ғана жасалады. Мәмілелер ресми дәліз мөлшерлемелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

3. Dentons ЕҚДБ-ның құқықтық деривативтік реформасы жөніндегі техникалық көмегінің («Деривативтік қаржы құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу») жобасын таныстырды, содан соң ҚРҰБ өкілдері жобамен жұмысты жеделдету қажеттілігін атап өтті.

II. ЕҚДБ-ның TONIA индекcін есептеу және айқындау әдіснамасына ұсынылған өзгерістер туралы таныстыруы

1. ЕҚДБ өкілдері ең үздік халықаралық практикаға сәйкес ақша нарығындағы сенімді көрсеткіштердің негізін құрайтын қағидаттарды атап өтті және айла-шарғы тәуекелдерін төмендету және индексті басқару айқындылығын арттыру мақсатында TONIA индекcін айқындаудың қолданыстағы әдіснамасына кейбір өзгерістер енгізуді ұсынды.

Атап айтқанда, ЕҚДБ өкілдері TONIA индексін қолжетімді транзакциялар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің кесімді орташа мәні ретінде өлшеуді, кез келген күні транзакциялардың саны кем шыққан жағдайда, көзделмеген жағдайларға арналған жоспарды енгізуді және бенчмарк әдіснамасының ашық жүйелі шолуын енгізуді ұсынды. ЕҚДБ TONIA индексін есептеудің қолданыстағы әдіснамасын одан әрі пысықтау бенчмарк (ең үздік халықаралық практикаға сәйкес) сапасын арттыруға мүмкіндік береді, бұл қолдану мерзімдері неғұрлым ұзақ деривативтерді және басқа құралдарды әзірлеуге ықпал етеді және, өз кезегінде, неғұрлым терең, өтімді және тиімді теңге нарықтарын дамытуға ықпал ететінін түсіндірді.

2. Жұмыс тобы, атап айтқанда, TONIA есебіне нарықтың сегменттерін көбірек қосу немесе ағымдағы TONIA есебінен кейбір сегменттерді алып тастау қажеттігін, түрлі төмендеу деңгейлерінің (шектеді мәндердің 5%-нан 20%-на дейін) әсерін және көзделмеген шығыстардың төмендеу коэффициенті үшін триггерлерді талқылады.

III. Отырыс қорытындысы бойынша тараптар төмендегілер жайында келісімге келді:

1. ҚҚБ-ға TONIA есебінің әдіснамасын қайта қарау немесе мынадай ерекшеліктер:

- көлемі бойынша орталық 90% сараланған мөлшерлемелердің бөлінуі негізінде көлемі бойынша сараланған қолайлы транзакциялардың кесімді мөлшерлемесі ретінде есептеледі. Саудаланатын көлемнің жоғарғы және төменгі 5%-ы (ең жоғарғы және ең төменгі пайыздық мөлшерлемені байланысты) айырма мән ретінде айқындалады және байқаулардан алып тасталады.

- көзделмеген жағдайларға арналған жоспар (i) егер қолайлы транзакциялардың жалпы көлемі 100 млрд. теңгеден аз болса, іске асады және (ii) қосымша мөлшерлемені ҚРҰБ-ның базалық мөлшерлемесі плюс TONIA-ның Базалық мөлшерлемеге қатысты алдыңғы бес күнгі жарияланымнан асатын орташа мәні ретінде айқындайды.

- және, кем дегенде, жыл сайынғы қатар жүретін әдіснама шолулары ескеріле отырып, өзге атаумен TONIA-ның балама индексін құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

IV. Жұмыс тобының кезекті отырысын өткізу туралы

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2019 жылғы қазанда Алматы қаласында өткізуге келісті.

2. Кезекті отырысты өткізудің нақты мерзімі мен орны қосымша келісіледі.